



БҰЙРЫҚ

27.12.2018ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 1116

город Астана

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 674 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2018 жылғы 30 қарашадағы № 197-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 674 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің стратегиялық жоспарында:

«Ағымдағы ахуалды талдау және тәуекелдерді басқару» деген 2-бөлім:

«Қаржы жүйесінің орнықтылығына жәрдемдесу» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Бюджеттің атқарылуы» деген бөлімде:

жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші абзацтар:

«Қазіргі уақытта қазынашылық жүйесінде 12 мыңнан астам мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетіледі, қазынашылық жүйесінің 3 мыңға жуық пайдаланушысы нақты уақыт режимінде мемлекеттік бюджет қаражатын есепке алу және жұмсау рәсімдерін жүргізе отырып, Қазынашылықтың ақпараттық жүйесінде операцияларды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелер мен квазигоссектор субъектілерінің қаржылық құжаттарын өңдеу уақытын 2018 жылы 6 жұмыс сағатына дейін қысқарту "Қазынашылық-клиент" АЖ-ны "электрондық мемлекеттік сатып алу" және

"электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйелермен интеграциялау есебінен қол жеткізілетін болады. Бұдан басқа, бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету Ережесіне бюджеттік рәсімдерді оңайлату бөлігінде өзгерістер енгізу және "Қазынашылық-клиент" АЖ-не техникалық өзгерістер енгізу 2019 жылы қаржы құжаттарын өңдеудің 6 сағатына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Адам факторының қателері есебінен қайтарулар саны қысқарды (құжаттарды енгізу кезіндегі форматтық-логикалық бақылау, қазынашылық жүйесінің анықтамалықтарына тікелей жүгіну). 2016 жылы 8 861 828 төлеуге шот және 416 591 азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге өтінім өңделді, 2017 жылы 8 034 873 төлеуге шот және 403 702 азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге өтінім өңделді. 2017 жылы қайтарылған құжаттардың жалпы саны 566 784 қаржылық құжатты құрады.

Қазіргі уақытта барлық корпоративтік ақпараттың 30% - ға жуығы электрондық түрде сақталады. Барлық қалған ақпарат (шамамен 70%) оны іздеу кезінде біраз қиындықтар жасай отырып, қағазда сақталады, дегенмен, бұл арақатынас біртіндеп сақтаудың электрондық нысанының пайдасына өзгереді.»

алынып тасталсын;

"салықтық әкімшілендіру" бөлігінде»:

1.3 "тәуекелдерді басқару" тармақшасында»:

жолдың:

«

Алыс орналасқан ауылдық жерлерде интернет қосылысының болмауына байланысты декларациялаумен толық қамтымау	Декларацияларды электрондық түрде ұсыну бойынша барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарында, ХҚКО және әкімдіктерде жеке тұлғалар үшін қол жеткізу нүктелерінің санын кеңейту бойынша іс-шаралар өткізу. Мобильді қосымшаларды әзірлеу.
Бекітілуі электрондық декларациялауды енгізуге байланысты болатын тәуекел бейіндерінің санын ұлғайту	Тәуекелдер бейіндерін өзектендіру, сонымен қатар тәуекелдерді бейіндеу кезінде ақпараттық жүйелерді пайдалану
Қолма-қол ақша айналымының жоғары үлесі	1. Төлемдер және төлемдер мониторингінің онлайн серверлерін енгізу (ЭШФ, Онлайн БКМ және т.б.)
Кәсіпорын субъектілері арасындағы мәмілелердің ашықтығының болмауы	2. ҚҚС арнайы бақылау шотын енгізу 3. ЭШФ АЖ жұмысының функционалын кеңейту

алынып тасталсын»;

«Мемлекеттік активтерді және қаржыны әкімшілендіру жүйесін жаңғырту» деген 2-стратегиялық бағытта:

«Мемлекеттік қызметтер

Мемлекеттік қызмет көрсету мән-мәтінінде Министрліктің басым бағыты клиентке бағдарлану және біз кәсіпкерлер мен қоғам үшін серіктес болған кезде бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұл ретте өзара ынтымақтастықтың индикаторы салықтық және кедендік әкімшілендіру процестерін автоматтандыру арқылы қызметтер сапасын арттыру болып табылады.

Сонымен қатар, Министрліктің алдына қолма-қол ақшасыз экономиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету міндеті қойылды, оған тек репрессивті ғана емес, сонымен қатар ынталандыру құралдарына сүйене отырып, бизнесті қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдалануға ынталандыру арқылы қол жеткізу қажет.

Осы бағытта мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерін интеграциялау, басқа да уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды дамыту бөлігінде шаралар қабылдануда.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында (МҚК 44 мемлекеттік қызмет көрсетеді) және Қазақстанның халықаралық рейтингтерде («Doing Business») ұстанымын жақсарту мақсатында банк мекемелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Осы өзара іс-қимыл ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі-ЭҮТШ) арқылы бюджетке төлемдерді төлеуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді төлеуге байланысты жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсыну болып табылады.

Осылайша, заңнамалық деңгейде (2016 жылғы 26 шілдедегі ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңы) банктердің бюджетке төленетін міндетті және басқа да төлемдер бойынша ақпаратты ЭҮТШ арқылы тиісті мемлекеттік органдардың, соттардың ақпараттық жүйелеріне қағаз жүзінде растаусыз бір терезе қағидаты бойынша беру міндеті белгіленген. Ақпаратты онлайн режимде беру бюджетке төленген салық және кеден төлемдерін жедел растау, тауарларды шығару кезінде төлемді растайтын құжаттарды ұсыну талаптарын болдырмау, салық төлеушілердің дербес шоттарына төлемдерді уақтылы және атаулы тарату және тиісінше мемлекеттік қызметтерді уақтылы көрсету мақсатында іске асырылды.

Төлемдерді автоматтандыру және банктермен өзара іс-қимылды дамыту бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелеріне төлемдер туралы ақпаратты берудің

орташа уақыты салық төлеушілер төлеуді жүзеге асырғаннан кейін 2 жұмыс күнінен бірнеше минутқа дейін қысқарды.

Кедендік бағыттағы ақпараттық жүйелер де жаңғыртудан өтеді. Мәселен, экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде рәсімдерді барынша жеделдету, оңайлату және автоматтандыру мақсатында СЭҚ қатысушылары үшін «Е-терезе» АЖ құру және енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Күтілетін нәтиже – тауарлар мен ақпаратты шекара арқылы өткізуді жеделдету.»;

1.2-тармақша «Негізгі проблемаларды талдау» мынадай редакцияда жазылсын:

«Оң нәтижелерге қарамастан, кедендік баждар мен салықтар бойынша төлемдерді жүргізу кезінде Екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйелеріндегі операциялық үдерістерді өңдеу бөлігінде уақытша кідірістер бар.

Осылайша, Мемлекеттік кірістер комитетінің, Ұлттық Банктің және «Ұлттық ақпараттық жүйелер» АҚ бірлескен мониторингі нәтижесінде 2018 жылдың қазан айында төлем төлеу мен ОУЛС АЖ ақпарат алу арасындағы орташа уақыт 25 минутты құрады.

Анықтама ретінде:

МКК АЖ-не төлем түсуінің 15 минуттан артық кідіруі 6 банк бойынша белгіленді:

- «Нұрбанк» АҚ - 229 минут; - «Азия Кредит Банкі» АҚ - 118 минут;
- «Еуразиялық Банк» АҚ - 27 минут; - «Банк ЦентрКредит» АҚ - 26 минут;

- «Altyn Bank» АҚ - 19 минут; - «Банк ВТБ Қазақстан» АҚ - 17 минут.

Көрсетілген 6 банктерді есепке алмағанда төлем төлеу мен ОУЛС АЖ-де ақпарат алу арасындағы орташа уақыт 7 минутты құрады.

Бұл ретте ОУЛС АЖ жағында ЭҮТШ-тан онлайн төлем алған сәттен бастап төлемді салық төлеушінің дербес шотына таратудың орташа уақыты 1 минутты құрайды.

АСТАНА-1-ден деректерді нақты уақытта енгізудің толықтығын, автоматты есеп айырысуды және кедендік төлемдер мен салықтарды алуды қарастыратынын айтып өткен жөн.

Нәтижесінде сауданы оңайлату бойынша ДСҰ келісімінің және ЕАЭО мен Қазақстан Республикасының жаңа кедендік заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мақсатында барлық банктердің кедендік төлемдер туралы ақпаратты ЭҮТШ арқылы 30 минут ішінде беруін қамтамасыз ету қажет.»;

«Тәуекелдерді басқару» 1.3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2
Ең жоғары кезеңдерде банктердің және мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерін қайта тиеу мүмкіндігі (айдың соңы)	ҰАТ АҚ бірлесіп АЖ тұрақты мониторингі және техникалық ақауларды жою
Басқа МО-ның АЖ-мен интеграцияның болмауы (жеткіліксіз қаржыландыруға байланысты)	Электрондық түрге ауыстыру жоспарланып отырған Мемлекеттік қызметтер бойынша техникалық талаптардың ерекшеліктерін уақтылы әзірлеу және қаржыландыру үшін міндеттер жоспарын енгізу
Салық төлеушілердің онлайн-БКМ қолдану жөніндегі талаптарды орындамауы	1. Түсіндіру жұмыстарын жүргізу 2. Әкімшілік шаралар өткізу

«Сфераны/саланы дамытудың басым бағыттары» деген 3-бөлімде:»:

«Кірістер мен шығыстарды жалпыға бірдей декларациялау» деген бөлігі алынып тасталсын;

«Көлеңкелі экономика» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлеңкелі экономика»

Кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне басты қауіптің бірі экономикалық қылмыс және онымен байланысты экономикалық қатынастарды криминалдандыру болып табылады. Осыған байланысты, Министрлік экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Көлеңкелі экономикаға қарсы іс - қимыл жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (ҚРҰ 18 ж.29.12. № 921 қаулысы) іске асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Шаралар:

экономиканың ресми секторына өз еркімен көшу үшін экономика субъектілерін өз еркімен салық төлеуге ынталандыруға бағытталған салық саласының ашықтығын арттыру;

бюджеттің кіріс базасын кеңейту;

салықтық және кедендік әкімшілендіру процестерін автоматтандыру;

жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін кезең-кезеңмен декларациялауды, оның ішінде жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік

функцияларды орындауға уәкілетті және оларға теңестірілген тұлғалардың, сондай-ақ олардың жұбайларының шығыстар көздерін декларациялауын енгізу;

бизнеске әкімшілік жүктемені төмендетуге бағытталған Салық, кеден және өзге де заңнаманы ырықтандыру және оңтайландыру;

мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру;

Министрліктің ақпараттық жүйелерін басқа МО ақпараттық жүйелерімен интеграциялау;

барлық ҚҚС төлеушілердің ҚҚС бақылау шотын міндетті түрде қолдануға көшіруді қамтамасыз ету;

деректерді тіркеу және беру функциясы бар БКМ қолдануға кезең-кезеңмен көшуді қамтамасыз ету;

тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ТБЖ) пайдалануды жетілдіру;

контрабандамен және тауарлардың заңсыз айналымымен күрес;

тауарлардың қозғалысының барлық кезеңдерінде жан-жақты бақылау мақсатында оларды таңбалауды кезең-кезеңмен енгізу;

салық мәселелері бойынша Страсбург конвенциясын қолдану, ФАТФ және салық конвенцияларының оффшорлыққа қарсы жаңа ережелері бойынша жұмыс;

төлем жүйелерінің халықаралық операторлары (Moneygram, Contact, Faster, Western Union, Золотая Корона және т.б.) үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл режимі бөлігінде АЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманы жетілдіру)».

4-бөлім. «Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының архитектурасы» мынадай редакцияда жазылсын:

«

1. Елдің жалпыұлттық көрсеткіштері	
«Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»	
Елдің мемлекеттік борышының деңгейін тұрақты бақылауда ұстау.	Үкіметтің күш-жігері мемлекеттік қарызды қауіпсіз деңгейде ұстауға бағытталған. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде 2016 жылғы салықтардың жиналуын ЖІӨ-ге пайыздық мәнде 15,2% - дан 2025 жылы 25% - ға дейін ұлғайту

	бойынша жұмыс жүргізілуде.
Стратегиялық емес объектілерді жекешелендірудің екінші толқынын өткізу.	Жекешелендірудің екінші толқыны экономикаға мемлекеттік қатысуды қысқартуға және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Бәсекелестік ортада пайданы барынша арттыруға мүдделі жеке бизнес қызметтер спектрін кеңейтетін және олардың сапасын арттыратын болады. Ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту, бәсекелестікті енгізу, көрсетілетін қызметтердің көлемі мен спектрін ұлғайту есебінен қызметтер құнының төмендеуі күтілуде.
Бизнеске әкімшілік жүктемені төмендетуге бағытталған Салық, кеден және өзге де заңнаманы ырықтандыру және оңтайландыру.	Салықтық қадағалауды прагматикалық азайту шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық қызметімен диалогын барынша азайтуы тиіс. Салықтық әкімшілендіру процестерін оңтайландыру, оның ішінде электрондық салық есептілігі жүйесін одан әрі дамыту жолымен жалғасатын болады. Кеден қызметтерін көрсету процестерін автоматтандыру жолымен сыртқы сауда операцияларын оңайлату. Сыртқы сауда саласында жүктерді тексеру саны айтарлықтай қысқартылатын болады.
«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары»	
Бақыланбайтын (көлеңкелі) экономика үлесі: 2021 жылы – 22,6% 2025 жылы – 20,0%	Деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданатын міндеттемесі бар салық төлеушілерді қамту (онлайн-БКМ)
Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамалар	
Жалпыға бірдей декларациялауды енгізу.	Жалпыға бірдей декларациялауға көшу көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес үшін жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін тиімді бақылау жүйесін құруға, сондай-ақ салықтар мен бюджетке

	төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.
--	---

1-стратегиялық бағыт «Қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу»»	2-стратегиялық бағыт «Мемлекеттік активтер мен қаржыны әкімшілендіру жүйесін жаңғырту»»
---	--



1.1-мақсат. «Бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету»	2.1-мақсат. «Мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру»	2.2-мақсат. «Қолайлы бизнес орта құру және бизнес пен тұрғындар үшін әкімшілік кедергілерін төмендету және салықтық және кедендік бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету»
002 «Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы	094 «Мемлекеттік активтерді басқару» ББ	
006 «Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу» бюджеттік бағдарламасы		
011 «Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы		
013 «Үкіметтік борышқа қызмет көрсету» бюджеттік бағдарламасы		
019 «Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу» бюджеттік бағдарламасы		
		030 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту» бюджеттік бағдарламасы
067 «Саяси партияларды қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасы		
		072 «Салықтық әкімшілендіру жүйесін реформалау» бюджеттік бағдарламасы

		091 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу» бюджеттік бағдарламасы
		096 «Жедел - іздестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы
097 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тартылған қаражаттың бір бөлігін қайтару» бюджеттік бағдарламасы		
099 «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ-ға нысаналы аударым» бюджеттік бағдарламасы		
120 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау»		
400 «Облыстық бюджеттерге субвенциялар» бюджеттік бағдарламасы		
ББ: 001 «Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы		
ББ: 010 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві»		

5-бөлім. «Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«

№ п / п	Нысаналы индикатор	Жауапты лар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2015 жылғы есеп	2016 жылғы факт	2017 жылғы факт	Жоспарлау кезеңі			
								2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-стратегиялық бағыт «Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету»											
Стратегиялық мақсат 1.1. «Бюджет теңгерімділігін қамтамасыз ету»											
1.	ЖІӨ-де шоғырландырылған бюджеттің салық түсімдерінің үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	-	15,2	16,8	16,9	18,7	18,9	19,5
2.	Республикалық бюджеттің кірісіне мемлекеттің қарызын өтеуге	Жетекшілік ететін вице-	Әкімшілік деректер	%	9,8	11,8	8,8	12,9	14,9	15	15

	және қызмет көрсетуге байланысты шығындардың қатынасы	министр										
3	Мемлекеттік аудит қортындылары бойынша анықталған бұзушылықтар сомасының бюджетке өтелуінің және қалпына келтірілуінің үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	85	93,5	95,2	91	92	93	94	
4.	Бюджет ашықтығының индексі	Жетекшілік ететін вице-министр	Есеп ХБҚ	ұпай	51	51	53	53	55	55	56	
5.	Мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындау	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	100	100	100	100	100	100	100	
6.	Қазынашылық органдары қызмет көрсететін ЖӨБ енгізілген бюджеттерінің үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	«Қазынашылық-клиент» АЖ, Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі	%	-	-	-	43,5	-	100	-	
7.	Іс жүргізудегі қылмыстық істер санынан іс жүргізу аяқталған қылмыстық істердің үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	1-МКПС және СУ ГП статистикалық есебі	%	37,7	50,1	72,5	55,5	56	56,5	57	
8.	Қаржы мониторингін жүргізу кезінде ҚМК, құқық қорғау мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тиімділігі	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	50	53	57	62	68	75	83	
9.	Деректерді тіркеу	Жетекшілік	Әкім-	%	-	-	-	-	90	100	100	

	және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданатын міндеттемесі бар салық төлеушілерді қамту (онлайн-БКМ)	ік ететін вице-министр	шілік деректер								
2-стратегиялық бағыт «Мемлекеттік активтерді және қаржыларды әкімшілендіру жүйесін жаңғырту»											
Мақсат 2.1. Мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру											
10	Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде жекешелендіруге жататын объектілер үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	Жекешелендірудің және ҚР кешенді жоспары	%	-	-	-	-	100	100	-
11	Объектілерді меншіктің мемлекеттік мониторингімен қамту	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	-	-	-	-	100	100	100
2.2-мақсат. Қолайлы бизнес орта құру және бизнес пен тұрғындар үшін әкімшілік кедергілерін төмендету және											
12.	Тәулік бойы режимдегі автокөлікті өткізу пунктерінде кедендік операциялардан өткізу уақытын қысқарту	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	мип	65	50	59	58	57	56	55
13.	Онлайн төлемдерді өңдеудің орташа уақытын қысқарту	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	мин	-	-	-	-	15	10	8
14	Автоматтандырылған мемлекеттік қызметтердің үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	-	65,4	66,6	68,2	70	71	72
15.	Қаржылық есептілігі депозитарийіне пайдаланушылард	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	-	-	70	75	80	85	90

	ың ҚЕХС және АХС стандарттарына қанағаттандырылуы											
16.	Оңалту және банкроттық рәсімдерін аяқтаған берешектер бойынша кредиторлардың талаптарды өтеу коэффициенті	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	15	12	13	14	15	16	17	
17.	Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесіне қанағаттанған пайдаланушылардың үлесі	Жетекшілік ететін вице-министр	Әкімшілік деректер	%	92,3	72,1	73,6	74	75	76	77	

»;

6-бөлім. «Ресурстар» мынадай редакцияда жазылсын:

«

Ресурстар						
Ресурстар	Өлш. бірлігі	Есепті кезең 2015 жыл	Ағымдағы кезең жоспары 2016 жыл	Жоспарлы кезең		
				2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Қаржы ресурстары, барлығы: оның ішінде	мың теңге	1 344 783 122	1 567 250 147	4 319 340 975	2 393 314 657	2 453 664 299
1.1-мақсат. «Мемлекеттік бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету»						
002 «Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	28 260	32 032	43 500	23 296	26 600
005 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаражатты аударуды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы			1 537 777			
006 «Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	1 020 679,4	13 735 099	12 836 320	9 741 952	10 326 784
011 «Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	340 056	622 317,9	652 701	580 206	606 546
013 «Үкіметтік борышқа қызмет көрсету» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	296 521 444,1	523 210 608,9	474 451 978	593 199 600	670 471 113
019 «Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу» бюджеттік	мың теңге	12 358,7	20 617	12 614	10 331	4 038

бағдарламасы							
042 «Жаңа бастамалардың шығыстары» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге						
067 «Саяси партияларды қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	4 254 830	4 076 495	5 328 114	6 161 347	6 469 371	
076 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	мың теңге	55 953 421					
089 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»	мың теңге		18 630 306				
093 «Жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге		80 045 140				
095 «Мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	6 520 9437	12 505 256				
096 «Жедел - іздестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	95 774,6	1 714 567,6	6 060 495	6 269 855	6 269 665	
097 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тартылған қаражаттың бөлігін қайтару» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге			9 103 277	8 445 720		
099 «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ-ға нысаналы аударым» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге			13 074 220	20 000 000	20 000 000	
120 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді	мың теңге				1 116 501	3 346 499	

орындау»						
202 «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ нысаналы аударым» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге		-	2 092 941 300	-	-
1.1-мақсат бойынша жиыны	мың теңге	364 747 766	656 130 217	2 614 504 519	645 548 808	717 520 616
2.1-мақсат. «Мемлекеттік активтерді басқару тиімділігін арттыру»						
094 «Мемлекеттік активтерді басқару» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	855 058	756 011	1 063 983	861 575	779 728
2.1-мақсат бойынша жиыны	мың теңге	855 058	756 011	1 063 983	861 575	779 728
2.2- мақсаты «Қолайлы бизнес орта құру және салықтық және кедендік тиімділікті қамтамасыз ету»						
014 Кеден қызметін жаңғырту	мың теңге	361 883				
030 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге			4 600 297	181 764	6 603
038 «Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)» шеңберінде сыйақының пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	15 202 312	7 965 068			
061«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау		1 439 408				
072«Салықтық әкімшілендіру жүйесін реформалау» бюджеттік бағдарламасы		222 513,9	68 739,5	4 323 789	644 908	2 403 052
091 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу» бюджеттік бағдарламасы		22 709			60 500	2 025 431
2.2-мақсат бойынша жиыны	мың теңге	17 248 827	7 733 808	8 924 086	887 172	4 435 086
Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қаржы ресурстары						
001 «Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге	57 560 299	65 447 164	69 452 527	69 262 336	69 755 936
010 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві» бюджеттік бағдарламасы	мың теңге			137 105 624	103 409 262	77 024 330
400 «Облыстық бюджеттерге субвенциялар»	мың теңге	904 371 171	836 882 948	1 488 290 236	1 573 345 504	1 584 148 603
Адами ресурстар	саны	19 852	19 852	19 852	19 873	19 873

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Персоналды басқару және стратегия департаменті (Қ.Қ. Орынханов) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен 10 күн ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

 Ә. Смайылов



КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов